



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады
№41-42
(925-926)
28 қазан
2022 жыл

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК!

25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

ЗАҢ

ГУМАНИЗМ ҚАДАМЫ: 1500 АДАМҒА РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАЛАДЫ

«Заңда рақымшылық жасауды қолдану шарттары, тәртібі және ол қандай адамдарға қолданылмайтыны туралы нақты нормалар белгіленген. Бұл заңды тәртіп бұзуға жол берген адамдарға қатысты қоғам мен мемлекет тарапынан жасалған гуманизм қадамы деп қабылдаймыз. Бұдан былай осындай қайғылы оқиғалар елімізде ешқашан қайталанбайды деп сенеміз». Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев «Рақымшылық жасау туралы» заң жобасына қатысты пікірінде осылай деді.



(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ауылда тұратын ағайын арасында қан қысымы сырқатынан жан тапсыру фактісі 11 пайызға, қатерлі ісікке шалдығу дерегі 10,5 пайызға көбейіп тұр. Бұл мәліметті өткенде Үкімет сағатында денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният айтты. Бірінші байлыққа жауапты саланың басшысына ауылдық жердегі медицина қызметінің сынға алғысыз, соқтасы жарылуға шақ тұрған қордалы мәселелері жан-жақты жеткізілді. Оның ішінде медицина мамандарының қат екені, жедел жәрдем көлігінің тапшылығы, медициналық құрал-жабдықтардың жетімсіздігі, қала берді амбулаториялық пункттердің жоқтығы айтылған отырыста сала басшысы біраз сауалға жауап берді. Кейбір түйткілді мәселеге тереңдей бойлай алмаған министр денсаулық сақтау министрлігінің атқарған жұмыстарын жіпке тізумен шектелді. Ажар Ғиният ауыл тұрғындарының денсаулығын түзеу мақсатына алабөтен көңіл бөлініп, көліктік медицина ұйымдастырылғанын ерекше жеткізді. Өңірлерді медициналық пойыздар аралап, 38 мыңнан астам ауыл тұрғынының он екі мүшесін тексерген екен. Елдегі 19 миллион тұрғынның 7,7 миллионнан астамы ауылдық жерде тұрады. Аймақтарды аралаған медициналық пойыздармен ел аралаған осы сала қызметкерлерінің белсенділігін саралай беріңіз.

Үкіметтің сол отырысында Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев ауылдық медицинаның қазіргі жай-күйіне төмен баға қоятынын айтты. Депутаттан «төмен баға алған» министр келесі жылы «ауылдық жердегі денсаулық сақтауды жаңғырту» деп аталатын ұлттық жоба іске қосылатынын айтты. Елдегі көп ұлттық жобаның бірі секілді соңы сұйылып кетпесе, 2025 жылға қарай елімізде 655 медициналық-санитариялық көмек көрсету нысаны, 32 ауданаралық көпсалалы аурухана салынбақ. Бұған бюджеттен 217 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінбек екен. Мұның бәрін келешектің өншісіне қалдырып, Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаевты сөзге тарттық.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

МИНИСТРЛІКТЕ БАСШЫ АУЫСҚАН САЙЫН РЕФОРМА ЖАСАЙДЫ



Jas qazaq: Елнұр мырза, өткен аптада Мәжілісте денсаулық сақтау министріне депутаттық сауал жолдап, елдегі медициналық қызмет көрсетудің сапасы сын көтермейтінін айттыңыз. Өңірлерді аралап жүрсіз, елдегі жағдай қалай жалпы?

Елнұр Бейсенбаев: Парламент мәжілісіндегі Үкімет сағаты ауылдық жерлердегі медицина саласына арналып, мәселесі талқыланды.

(Жалғасы 4-бетте)

ЕСТЕЛІК-ЭССЕ

ЖЕР АСТЫНДАҒЫ ҚҰПИЯ ЖОЛМЕН ЕКІ МЫҢ ҚАДАМ



«Қазір... бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында ресми түрде 8 шаруа қожалығы 3938,2 гектар жерге дөңді дақыл отырғызады деген жария мәлімет бар. Осы алқаптан жыл сайын 2796 тонна бидай, 130 тонна картоп, 230 тоннадай күнбағыс майын жиналып, 25 мың тонна шөп дайындалады екен. Тіпті 70 тоннадан астам көкөніс жиналатынын қайтерсіз? Мұның сыртында жайылымда қаншама мал басы жайылып жүр деңіз?»

(Бұл туралы 7-беттен оқи аласыз)



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)
96



DOLLAR
468



EURO
467



РУБЛЬ
7,15





168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ЗАҢ

(Басы 1-бетте)

Кеше Сенаттың жалпы отырысында «Рақымшылық жасау туралы» заң қабылданды. Бұл заң жобасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы ізгілік идеясының

жаза мерзімін азайту көзделген. Ауыр қылмыстарға қатысты сот тағайындаған мерзімнің төрттен үш бөлігі, ал аса ауыр қылмыстар бойынша мерзімінің жартысы қысқаралды.

Сотталған тұлғаның жазаны өтеу мерзімі бір жылдан аз болса, онда ол жазаны өтеуден босатылады. Алайда бұл шараны қылмыс жасағандарды ақтау немесе кінәсіз

болған жағдайда ол бойынша рақымшылық жасалады.

Рақымшылық 1500-ге жуық адамды қамтиды. Олар негізінен заңсыз үгіт-насихатқа еріп, ұрлық, бүлік жасап, өртегендер. Олар сотпен жазаның неғұрлым жеңіл түріне тартылып жатыр. Гуманизм қағидасы қылмыс жасаған адамдарға осыған дейін де қолданылды», — деді депутат.

Әлеумет.т⁰

БАЛАНЫ БУЛЛИНГТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Сонғы 10 жылда елімізде жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, мектепте оқушылардың 65 пайызға жуығы буллингке ұшырайды екен. Сондықтан қоғамдық ұйымдар тың жобаларды қолға алған. Сонғы бір жылдың ішінде ел көлемінде 5000-нан астам тренинг өткізілген. Алайда бір ғана тренинг арқылы мәселені шешу мүмкін емес, заңдық тұрғыдан нақты қадамдар жасалғанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады.

Алматы қаласының бала құқықтары жөніндегі уәкілі Халида Әжіұлованың айтуынша, Қазақстанның 12 облысында балалар буллингі тақырыбына арналған тренингтер ұйымдастырылған. Бірақ ауыз толтырып айтатындай нәтиже жоқ. Өйткені білім ошағының басшылары шындықты айтудан қорқады. «Мектебінің жаман аты шықпасын деп, мәселені барынша жасырын ұстайды. Бала қандай да бір оқыс жағдайға ұшыраса, ең алдымен, ата-ана кінәлі болады. Біздің тренингтердің нәтиже бермек себебі де осы. Мәселе терең зерттелмейді. Оқиғаны бүркемелеп, жасырып, жауып жіберуге тырысады. Ақырында қорқыныштан арыла алмаған бала өзіне-өзі қол жұмсауға мәжбүр болады», — дейді.

Just Support қоры директорының міндетін атқарушы Светлана Богатырева: «Аталған ұйымға республика бойынша 6 айда 42 өтініш түсті. Бұл мәселеге бірінші кезекте мектеп құлақ түрсе», — дейді. Ол ұйымның негізгі жұмысын былай деп түсіндірді: «Біз бүгінде қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істейміз. Астанадағы «Қадыр-Қасиет» қоғамдық бірлестігі заң тұрғысынан көмек береді. Біз қазір буллингке қатысты барлық тараптың бірлесіп, бір арнаға тоғысып диалог құруын дұрыс деп санаймыз. Бізге хабарласқан ата-ана мектеп басшылығымен ондағы мұғалімдермен байланыс орнатқысы келеді. Байқауымызша, мектеп пен ондағы жауапты тұлғалар буллинг тақырыбына жолағысы жоқ. Олар мұндай жағдай туралы жұмған ауыздарын ашқысы келмейді. Сондықтан да көп директорлар буллинг тақырыбына келген кезде ат-тонын ала қашады. Бұл дұрыс емес. Керісінше, ашық айтқан дұрыс, Оған жан-жақтан шешімін табуға ықпал етуіміз керек. Біз 2015 жылдан бері жұмыс істеп келеміз. Осы жылдар ішінде жасөспірімдер суициді көбіне буллингпен байланысты екеніне көз жеткіздік. Бұл туралы ашық айтыла бастағанда жұрт бізге хабарласа бастады. Әр баламен жеке жұмыс істейміз, бірақ өтініш жасағандардың барлығын бірден қамту мүмкін емес. Сол себепті бізге құзырлы орындардың да көмегі керек. Мамыр айында буллингке қатысты заңға өзгеріс енгізілді. Мектеп бұл заң жобасын жүзеге асыруы керек. Алайда ол мектеп қабырғасында жүзеге аспай отыр. Сол себепті оларға жоғарғы жақтан нақты тапсырма ретінде талап етілуі керек», — дейді.

Баласы буллингтен зәбір көрген Анна Орлованың айтуынша, мектеп басшылығы мәселені ұшықтырмай өз ортасында ғана шешкен. Ал кінәлі жоғары сыныптың оқушыларына ескерту ғана айтылған. Олардың ата-анасымен де ешқандай жұмыс жүргізілмеген.


«Менің үшінші сыныпта оқитын ұлым жоғары сыныпта оқитын ұлардың темекі шегіп тұрғанын көрген. Ол оны дене шынықтыру пәнінен беретін мұғалімге айтқан. Оны білген оқушылар балаларды қорқытып, терезеден лақтырып жібереміз деп қокан-лоққы көрсеткен. Сол оқиғадан кейін балам мектепке барудан қатты қорқып қалды. Мектеп тарапынан ешқандай шара қолданылмады. Сондықтан баламды басқа мектепке ауыстыруға тура келді», — дейді Анна Орлова.

Қоғамдық ұйымдар бірінші кезекте балалар буллингіне қарсы шара қолданбайынша, суицидті болдырмау мүмкін емес дейді. «Ауруын жасырғанның өлімі өшкере» демекші, мәселе ашық талқыланып, оған қарсы аяусыз күрес жүргізу керек. Зәбір көрген бала қоғамдағы қатыгездікке жалғыз қарсы тұра алмайды. Осыны ұмытпайық.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Аптаның айтары

Өсет ШЫНДАЛИЕВ,
Бас прокурордың орынбасары:



«Казино ойындары – әлеуметтік мәселе. Ол құмарлықтан гөрі ауру деп айтар өдім. Лудомания деген ғылыми термин бар, ол – психологиялық ауру. Мен езім казиноға барған жоқпын. Жалақым – 1 млн теңге. Жалақымды отбасына жұмсаймын. Басқа қайда жұмсаймын?».

ГУМАНИЗМ ҚАДАМАЫ: 1500 АДАМҒА РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАЛАДЫ



негізінде игі ниеттілік танытып, қантар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жасау туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Сенатор Ләззат Сүлейменнің айтуынша, ұсынып отырған заң жобасы қантар оқиғасы кезінде жасалған қылмыстар бойынша жауапқа тартылатын адамдарға мемлекет пен қоғам тарапынан гуманизм мен мейірімділік актісі болып отыр. «Тергеу органдары қантар оқиғасы кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған 1600-ге жуық адамды анықтап, оларды жауапқа тартты. Оның ішінде 1 112 адамға сот үкімі шығарылды. Басқаларының істері тергеу сатысында. Рақымшылық сотта да, тергеуде де қолданылады», — деді ол.

Сенат депутаты заң жобасының негізгі ережелеріне тоқталды.

Жасалған қылмыстардың нақты уақыт аралығы және рақымшылыққа іліккен азаматтар тобы белгіленді. Заң жобасы теріс қылық, ауырлығы төмен және орташа қылмыс жасағандарды жазадан толық босатуды көздейді. Ал жазасын өтеп шыққандардан соттылық алынады. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандарға

деп тану ретінде түсінуге болмайды. Бұл шара — қантар оқиғасына қатысушыларды жазадан босату туралы Президенттің шешімі.

«Осы заң жобасының өз ерекшеліктері бар. Бұрын болған рақымшылық кезінде айыпталушы міндетті түрде келтірілген шығынды өтеуі тиіс еді. Бұл жолы келтірілген залал өтелген соң ғана рақымшылық жасалады деген талап қойылмайды. Алайда мүлік иесі материалдық шығынды сот арқылы азаматтық-құқықтық тәртіпте өндіріп алуға құқылы», — деді Ләззат Сүлеймен.

Заң жобасындағы тағы бір ерекшелік — бұған дейінгі қалыптасқан тәжірибе бойынша бас бостандығынан айыру мекемесінде жазасын өтеп жатқан адамға рақымшылық жасау үшін міндетті түрде оның жүріс-тұрысы, тәртібі ескерілетін. Жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзушы сотталған адамдарға рақымшылық қолданылмайтын.

Ұсынылып отырған заң жобасында ондай талаптар жоқ. Сондай-ақ алдағы уақытта қантар оқиғасындағы қылмыстар ашылатын болса және осы заң жобасында көзделген баптарға сәйкес соттылық

СҰРАҚ

Дүйсенбай ТҰРҒАНОВ, Мәжіліс депутаты:

«Құрметті Ерұлан Көнжебекұлы, заң жобасында қарыз қаражатты республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру және коронавирустық инфекцияның қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар аясында әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдау үшін таратылатыны көрсетілген. Біздің елімізде COVID-19 пандемиясы іс-жүзінде аяқталды. Сондықтан қаржы республикалық бюджетке түскеннен кейін қандай нақты мақсаттарға бағытталады және ол жыл соңына дейін қалай игеріледі? Өйткені жылдың аяқталуына екі-ақ ай қалды».



игерілмеген 4,5 триллионға жуық қаржы бар. Дүниежүзілік банк қаржыны қандай да мақсатта жұмсауды талап етпейді, тек бюджет тапшылығы жабылса болғаны деп талап қойып отыр. Неге десеңіздер, олар инфрақұрылымдық реформаларға көңіл бөледі. Бізде жасалған реформаларға көңілдері толып отыр. Бұл бәсекелестікті дамыту, цифрлық даму бойынша және экономиканы өртараптандыру мақсатында іске асырылған бүкіл реформаларға көңілі толып, бізге осындай жеңілдік берілді. Сол себепті білім саласы мен ғылым және басқа да салаларға бұл қарызды жұмсай аламыз».

ЖАУАП

Ерұлан ЖАМАУБАЕВ,
қаржы министрі:

«Бізде жалпы бюджет тапшылығы – 3 триллион теңге. Қазір оның біраз бөлігі қаржыландырылды. Қарыздан қаржыландырылатын тағы бір триллион теңгедей қаражат қалды. Жыл соңына дейін бізде өлі

Аптаның ұсынысы



Ермек
НҰҒЫМАНОВ,
халықаралық
«Қазақ тілі»
қоғамы» қоғамдық
бірлестігі Ақмола
филиалының
жетекшісі:

«Өз елімізде
мәтіндерді ана
тілімізге аудару үшін
аудармашылар

ұстаймыз. Бұл – абсурд қой! Барлық құжаттама мен ақпарат алдымен орысша жазылады, содан кейін қазақ тіліне аударылады. Тек бақылаушы органдар тексеріс жүргізбесе болғаны, өйткені мемлекеттік тілде іс жүргізу өңірлер рейтингіне енгізілген. Шындығында, мемлекеттік тілдегі құжат айналымы 80 пайызды құрайтыны күмәнді. Бізде кеңсе тілі мен терминология дамуы керек, сонда ғана оң нәтиже болады. Бізде екі тілге де сауатты мамандар аз. Кезінде алаш арыстарының бірі – Сәкен Сейфуллин материалдық ынталандыру мақсатында өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді жақсы білгені және іс қағаздарын жүргізгені үшін қосымша ақы төлеуі керек деп дұрыс айтқан деп ойлаймын. Сонда қазақтар ана тіліне нөміқұрайды қарағаны үшін ұялуы мүмкін. Өйткені 30 жыл ішінде оны үйренуге болар еді. Қазақ тілі кеңсе тіліне айнамай, қазақтың көсегесі көгермейтініне кезіміз жетіп отыр. Әрине, жағдай бір күнде түзеліп кетпейді. Елдің намысын ояту керек. Заң талаптарын міндеттеу керек».

(baq.kz)

Astana Media Week

Astana Media Week. Алтыншы мәрте Алаш топырағында өтіп жатқан медиа жиынға биыл әлемнің 11 елінен өкілдер келді. Ұзын-ырғасы 150-ге тарта отандық һәм шетелдік спикерлердің пікір алаңында БАҚ саласындағы келелі мәселелер айтылды. Астана төріндегі ақпарат алмасу алаңындағы шараға медиа индустрия саласының екі мыңнан астам өкілі қатысты.

Медиа апталықты ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі сөз сөйлеп ашты. «Жаңа дәуірдегі сенімділік» деген атаумен басталған медиа аптаның алғашқы күнгі пленарлық сессиясына Қырғыз елінің мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрі Алтынбек Мақсұтов, еліміздің ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Шығыс Еуропадағы TikTok Global Business Solutions директоры және TikTok Kazakhstan компаниясының жетекшісі Анастасия Панина қатысып, медиа саласының сан тарау мәселелері талқыланды. Мета компаниясының басқарушы директоры Джордж Чен Астанадағы шараға құттықтауын онлайн түрде жолдады.

Jas qazaq медиа жиында айтылған бірнеше ой-пікірді оқырман назарына ұсынуды жөн көрді.

ЖАҢА ДӘУІР – ЖАҢА МЕДИА

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, ақпарат және қоғамдық даму министрі:

«Бүгінгі медиа алаң жалпы дәстүрлі және жаңа медиа саласындағы басты мәселелерді, коммуникация бағытындағы өткір жайларды талқылайтын пайдалы пікір алмасу болады деп сенемін.

Қазіргі заман — ақпарат кезеңі. Интернет кеңістігі және жаңа технологияның дамуы ақпарат алу мен таратуды жылдамдатты. Саяси қатынастар ғылымының танымал өкілі, профессор Мануэл Фостерс интернет пен әлеуметтік желі бұрынғы вертикалды биліктің орнына жаңа күш — горизонталды биліктің өмірге келгенін жазды. Азаматтық журналистика, смартфон-журналистикасы ұғымдары пайда болды.

2021 жылдың деректері бойынша 16-64 жас аралығындағы адамдардың 63 пайызы интернетті негізінен ақпаратқа жылдам қол жеткізу үшін пайдаланады. Осылайша интернеттегі жаңалықтар мен визуалды контент ақпаратты қабылдаудың негізгі арнасына айналды.

24 сағаттық жаңалықтар циклы мен әлеуметтік желілер жаңа кезеңнің — постшындық дәуірінің пайда болуына әсер етті. Бұл дәуірде қоғамдық пікір объективті фактілер емес, адамдардың эмоциясы мен субъективті сенімдеріне жүгіну негізінде қалыптасады. Сондықтан ол мемлекеттерге, үлкен корпорациялар мен медиакомпанияларға жаңа мүмкіндіктермен бірге жаңа қатерлер де ұсынып отыр. Қолына смартфон ұстаған кез келген адам ақпарат таратушыға айналған. Сондықтан желі кейде желікпенің сөзіне көрік басқан мұндай кезеңде талғамсыз тараған хабарды елеуітін елек болмағандықтан, шын мен жалғанның, рас сөз бен жаланың, өсек пен өтіріктің араласып кететіні белгілі.

Тексерілмеген сурет, анықталмаған, салыстырып, сарапқа салынбаған, сенімге селкеу түсіретін жалған ақпарат, дерек-дәйегі жоқ дабыл жұртты шатастырады. Расталмаған, дереккөздерге сілтеме жасалмаған, эмоцияға толы видео, суреттермен коса берілген кейде біреудің арына тиетін, жеке басқа, ірі компанияға жала жабылған алдамшы ақпараттар адамды адастырады. Мұны әдейі жасаған, таратқан яки білместіктен бөліскен жандар

көбіне заң бұзғанын, адамның құқына қол сұққанын да сезіне бермейді. Бұл дегеніміз — постшындық, шындық сөздің орнына желдей ескен жылдам ақпарат, жаңалық

пен жалғандықтың айырмашылығы тым қысқаруына әкеп соқты.

Айта кетейік, бүгін қонақтар арасында Мета және TikTok-тың жауапты өкілдері отыр. Біз бұл ірі компаниялармен тығыз байланыста жұмыс істейтін боламыз. Мета Қазақстанда өкілдік, ал TikTok офис ашуға, сонымен қатар медиасуаттылыққа оқытуға ниетті».

Шаһар тынысы

Республика күні қарсаңында және биылғы Балалар жылына орай, мүмкіндігі шектеулі жеткіншектердің денсаулығын нығайтып, иппотерапиямен айналысуға арналған «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені ашылды. Бұл туралы Астана өкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ғасырлар бойы өмірі ат үстінде өткен ата-бабаларымыздың дене қозғалысы аз қазіргі заманға тән түрлі ауру-сырқаулардан ада болғаны ақиқат. Атка салт міну, бір жағынан, адамның көңіл-күйін көтерсе,

екінші жағынан, денсаулыққа өте пайдалы дейді дәрігерлер. Мамандардың айтуынша, жылқының өз биотоғы болады, ол қан қысымы бар, жүйке жүйесі ауыратын адамдарға жақсы әсер ететін көрінеді. Атка мінген адамның барлық бұлшық еттері жұмыс істейді.

Елордада 7,1 мың мүгедек бала бар, олардың бір мыңға жуығы денсаулығы бойынша және диагнозға сәйкес иппотерапиямен айналысуы қажет. Аталған ипподром

балалардың денсаулығын нығайтып, психоэмоционалды жағдайын жақсартатын пайдалы іс-шараларға қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Балалар қолға үйретілген

QOĞAM

Т-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ҚАСЫМ ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

20.11.2022

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН

Ақпарат агенті: ЖШС «Ақпарат», Тіптері: баспа, М.Ж. Оспанов, Қазақстан Республикасының Президентінің кеңесшісі А.С. Токмаков, сайлау қорының қаражатынан пайдаланылған.

Евгений ГРЮНБЕРГ, «Вечерний Алматы» газетінің бас редакторы:

«Бүгінде басылымдардың болашағы жоқ деп тіпті жерге көміп тастағандары бар. Бүгінде газет үшін жаңа дәуір басталды дегенді де айтып жүрміз. Баспасөз ковид кезінде қиындықпен бетпе-бет келді. Оған қағаз тапшылығы қосылды. Тіпті газет сататын дүңгіршектер де жұмысын тоқтатты. Бірақ әрі қарай не болады? Біздің байқағанымыз, өткен жылы да, биыл да тиражымыз сақталды. Тіпті қазірдің өзінде таралымның өсуі байқалады. Ал электронды нұсқаға келсек, керісінше, олардың азаюы байқалды. Меніңше, қағаз басылымды сақтап қалу жағын ойластыратын тетіктерді қарастырсақ. Әрине, электронды нұсқаға қол жеткізу оңай. Бірақ әрі қарай не болады? Шын мәнінде, қазіргі ақпараттарда арандату басым. Халық өзіне шынайы ақпаратпен қамтылып жатқан жоқ. Ғаламторда хайп көп. Ал газеттің көтеретін жүгі ауыр. Ондағы мақала еңбекпен жазылады».

Саясат НҰРБЕК, ғылым және жоғары білім министрі:

«Қазіргі таңда 24 жоғары оқу орны журналистика және медиа мамандарын даярлап жатыр. Дәл қазір оқып жатқан студенттер саны — 4588. Биылғы оқу жылының түлектер саны 272 адам деп күтіледі. Негізгі мәселе — мамандандырылған журналистика бағдарламаларының аз болуы. Кадр даярлау, білім беру, әсіресе, жоғары білім беру саласы еңбек нарығымен үйлеспейді.

Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану, дене шынықтыру және әлеуметтану факультеттері бірігіп, спорт журналистика және цифрлық медианы басқару деген мамандықтар ашты. Астана IT университеті былтырдан бастап цифрлық журналистиканы енгізіп, дата-журналистика деген жаңа мамандықты оқыту бағдарламасын пысықтап жатыр».

Абай БАЛАЖАН, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы:

«Газет бүгін ғана шыққан жоқ. Ғасырлар өтіп жатыр. Газет өледі. Электронды форматқа ауысады деп газеттің «жаназасын» шығарып отырмыз. Алда қалай болатынын ешкім білмейді. Ешбірі өлем деп өмір сүрмейді. Газеттер де адам сияқты өмір сүргісі келеді. Газеттен табыс табу деген нәрсе мүмкін емес. Сіздер осы газеттен олигарх болып кеткен адамдарды көрдіңіздер ме? Әсіресе, қазақ газеттерінде. Мемлекет газетті қаржыландыруды түгел мойнына алуы керек. Газет дегеніміз не? Газет дегеніміз — идеология. Кез келген мемлекетті оның экономикасы сақтап қалмайды, идеологиясы сақтап қалады».

жылқыларға мініп, ат спортымен шұғылданады және жарыстарға, оның ішінде арнайы олимпиада аясында қатыса алады.

«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған орталықтың пайда болғанына ризамыз.

Ат спорты түрлерінен мемлекеттік жаттықтырушы Аманжол Хасенов: «Бұл орталықты балалар жылына орай астаналық бүлдіршіндерге жасалған тарту деп білеміз. Кешен халықаралық стандарттарға толықтай сәйкес келеді және келесі жылдан бастап өзінің толық қуатымен жұмыс істейтін болады», — деді.

Жаңа ат спорты кешенінде республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі турнирлер мен іс-шаралар өтетін болады. Сонымен қатар, бұл орталықтың Астанада балалар мен жасөспірімдер спортының қарқынды дамуына

оң ықпалын тигізетіні анық. Аталған жоба ERG компаниясының қолдауымен жүзеге асырылды.

Абзал ИБРАГИМ, Астана



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

АЛЕУМЕТ

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Талқылау барысында ауылдық жердегі, шалғай елді мекендегі тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет сапасы, жүйелі жұмысы қаншалықты екенін айтылды. Бұл саладағы аталған қызмет түрінің сын көтермейтіні қынжылтады. Ен алдымен, ауылдық жердегі денсаулық сақтау нысандарының тозығы жетіп, құлауға шақ қалуы дабыл қақтыратын мәселе. Статистикалық мәлімет бойынша, еліміздегі медициналық құрал-жабдықтардың 90 пайызға жуығы тозығы жеткен, пайдалану мерзімі әлдеқашан өткен. Ақтөбе, Атырау, Жамбыл облыстарындағы жағдай тіпті сорақы, медициналық құрал-жабдықтардың ескіру көрсеткіші 90 пайыздан да асып түседі. Күлесің бе, жылайсың ба? Байқасаңыз, ауылдардағы медициналық мекемелер көп жылдардан бері жөндеу көрмеген, тозығы жеткен ескі ғимараттарда орналасқан. Бұл бүгінгі күнде кез келген ауылдың басындағы кеп. Солтүстік Қазақстан мен Батыс Қазақстан облыстарында жағдай тіпті ұят. Екі облыстағы ауылдық жердегі медицина мекемелерінің 80 пайызы тозығы жетіп, пайдалануға жарамсыз күйде тұр.

Jas qazaq: Расында да, кейбір ауылдарда әлі күнге дейін медициналық пункт есігі көбіне жабық тұрады, стационар деген атымен жоқ. Бізде есебіміз қағаз жүзінде жарқырап тұрғанмен, шынтуайтына келгенде, бәрі басқаша. Медициналық мекеме салу, әлеуметтік нысандардың бой көтеруі жергілікті басқарушы орган, әкімдіктің еншісіндегі шаруа ғой. Десе де, аймақтарда әлеуметтік маңызды мәселелерді ысырып қойып, ысырапшылыққа ұрындыратын аста-төк жылт етпе дүниелерді жарыса өткізу белен алып бара жатқандай.

Елнұр Бейсенбаев: Сөзіңіздің жаны бар, расымен де, ауылдық жердегі медициналық мекеме, мейлі ол медициналық пункт, емхана, стационарлық орталық болсын, жергілікті басқарушы билікке тиесілі. Бірақ біздің әкімдіктерілер, яғни облыс әкімдері аймақ орталығында өтетін мәдени, басқа да іс-шараларға қаржыны миллиондап шығындайды. Ескерткіш орнатып, ашылуын салтанатты түрде өткізу, концерт ұйымдастыру сынды іс-шараларға 200-300 миллион теңгеден астам қаржыны емін-еркін жұмсайды. Ал енді әлгіндей әлеуметтік саланың ақсағанын жазып, қажетті құрал-жабдықтармен қамтып, жөндеу жүргізуге келгенде, қазымырлығы ұстап, қаржы бөлуге ықыласты болмайды. Медициналық жабдықтар мен денсаулық сақтау нысандарының тозуы тек біз сөз еткен екі облыста ғана емес. Бүгінде құрал-жабдықтардың тозуы еліміз бойынша 87 пайызға жетіп отыр. Ал енді Ақтөбе, Атырау, Жамбыл облыстарының ауылдарында 90 пайыздан асады. Көбінесе медициналық пункттер жөндеу көрмеген ескі ғимараттарда орналасқан. Мәселен, Ақмола, Абай, Алматы облыстарының ауылдарындағы медициналық ұйымдардың ғимараттарының тозуы 70 пайыздан асып түседі. Ауыл-аймақтағы медициналық мекемелердің жағдайы тікелей жергілікті әкімдердің жауапкершілігі дер едім. Бұл тақырыпта түйткілді мәселенің бірін тартсаң, екіншісі қылтия береді. Ауылдық жерде медицина мамандарының тапшылығы қатты байқалады. Шалғайдағы ағайын арасында кемінде екі мыңға жуық дәрігер жетіспейді, өте тапшы. Статистикалық мәліметті қарасаңыз, елімізде жеті мыңнан астам дәрігер жетіспейді. Орта медициналық персонал дейміз, бұл мамандардан бізге 7 606 кадр керек елімізге, бұлардың ішінде 1700-ден астамы ауылдарға баратын дәрігер. Медициналық персоналға аса зәру облыс — Костанай. Бұл облыста 467 дәрігер керек. Солтүстік Қазақстан облысы да 351 дәрігер маманға қол жеткізе алмай отыр. Міне, сонда екі облыстың өзінен дәрігерлерге деген сұраныс, бос орын 800-ден асып жығылады.

Жақында әлеуметтік желіден мынадай бір ақпаратты оқып, жағамызды ұстадық. «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ студенттерінің жертөледе, лас дәліздер мен аудиторияларда оқитыны туралы жазбаға жанымыз ауырды. Студенттер күн сайын күннің көзі түсетін жап-жарық кең кабинеттерде емес, көгерген ауамен тыныстап, жертөледе білім алуға мәжбүр.

БІЗДІҢ ӘКІМДІКТЕГІЛЕР, ЯҒНИ ОБЛЫС ӘКІМДЕРІ АЙМАҚ ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТЕТІН МӘДЕНИ, БАСҚА ДА ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАРЖЫНЫ МИЛЛИОНДАП ШЫҒЫНДАЙДЫ. ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫП, АШЫЛУЫН САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ӨТКІЗУ, КОНЦЕРТ ҰЙЫМДАСТЫРУ СЫНДЫ ІС-ШАРАЛАРҒА 200-300 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРЖЫНЫ ЕМІН-ЕРКІН ЖҰМСАЙДЫ. АЛ ЕНДІ ӘЛГІНДЕЙ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ АҚСАҒАНЫН ЖАЗЫП, ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТЫП, ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗУГЕ КЕЛГЕНДЕ, ҚАЗЫМЫРЛЫҒЫ ҰСТАП, ҚАРЖЫ БӨЛУГЕ ЫҚЫЛАСТЫ БОЛМАЙДЫ.



Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

МИНИСТРЛІКТЕ БАСШЫ АУЫСҚАН САЙЫН РЕФОРМА ЖАСАЙДЫ

Jas qazaq: Студенттер демекші, жоғарыда өзіңіз, нақты мысалдармен әдіптеп әңгімелеп бердіңіз. Тек екі облыстың өзіне ғана 800-ден астам дәрігер керек болса, жыл сайын жоғары оқу орнын тәмамдайтын медицина мамандарының кейбірі ішінара жұмыс таппай, сенделіп қалады емес пе?

Елнұр Бейсенбаев: Бұл ненің көрсеткіші? Демек жергілікті атқарушы органдар тарапынан медициналық ЖОО түлектерін әлеуметтік қолдаудың деңгейі төмен деген сөз. Мысалы, былтырғы жылы Алматы облысында медициналық кадрлар тапшылығы кезінде 216 маман қажет деген де, бөлу бойынша келген 105 түлектің тек 18-і ғана әлеуметтік қолдау шараларын алған. Дәл сол секілді Түркістан облысы бойынша: 200 медицина кадр тапшылығы кезінде келген 114 түлектің тек 22-сі ғана әлеуметтік қолдауға ие болған. Ауыл медицинасында білікті, білімді, өз ісінің маманы саналатын кадрлардың жетіспеушілігі бұл саланы тығырыққа тіреп қана қоймай, ұйығына тарта береді. Облыс әкімдері өзінің аймағына қажетті медицина мамандарын тарту үшін оларды қызықтыруы қажет. Ең әуелі әлеуметтік мәселесін онтайлы шешіп беру, үймен қамту, керекті құрал-жабдықтармен қамту, біліктілігін арттыру курстарында оқыту секілді қажетті жағдайды жасайтын болса, жас мамандар баратын еді. Кезінде ұлттық экономикамыздың игілікті бағытының бірі «Дипломмен ауылға» деген бағдарлама еді. Егер жанылмасам, соңғы он жылдың ішінде осы «Дипломмен ауылға» арқылы 600-ге таяу жас маман ғана жұмысқа барған. Біз сол алты жүзге таяу жас маманының бәрінің бірдей әлеуметтік мәселесінің, оның ішінде ең сүйектісі — баспана жайын шешіп бере алмадық. Тек 150 маман ғана үйлі-жайлы болды. Бұл «Дипломмен ауылға» бағдарламасының медицина саласы бойынша ақталмағанын, жұмыс істеу механизмі дұрыс болмағанын көрсетеді.

Jas qazaq: Сөзіңіздің жаны бар, ауылға баратын жас мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, тұрмысын түзеу бағытында жағдай қарастырылмаған. Үй мәселесі ең алдымен шешілсе, медицина мамандарына деген зәрулік азаяр еді. Облыс орталығынан, қаладан шалғай жатқан ауылдар түгілі, аудан орталығындағы ауруханалардың өзінде кардиолог, онколог, хирург секілді мамандар тапшы екені жасырын емес. Ауылдағы ағайынның міндетті медициналық сақтандыру турасындағы сауаты да төмен.

Елнұр Бейсенбаев: Медицинаның соқталы мәселесінің бірі — дәл осы өзіңіз айтқан медициналық сақтандыру. Енді қараңыз, елімізде медициналық сақтандыруға жарна құймайтындардың, тіркелмегендердің саны 3 миллионнан асады. Бұл адамдардың жартысынан астамы ауылдарда тұрады. Бұл ауылдарда тұратын 1,5 миллионнан астам азаматқа жоспарлы медициналық көмек те, тексеріс те жүргізілмейді деген сөз. Егер адам медициналық сақтандыру бойынша тіркелмесе, сырқатын алдын ала емдеу үшін профилактикалық тексеруден өткісі келсе, шарасыз күйге түседі. Қорыта айтқанда, осыншама адамға біздің елдегі емханалардың

есігі айқара ашыла қоюы екіталай. Себебі — медициналық сақтандыруы жоқ. Жазатайым бір жағдайға ұшырап, жедел жәрдем көлігімен барса ғана қабылдауы мүмкін.

Тағы бір астын сызып айтатын мәселе — ауылдағы медициналық ұйымдарды цифрландырудың деңгейі өте төмен және интернет желісіне қосылудың машақаты көп. Енді мынаған қараңыз, елімізде алты мыңнан астам ауыл бар десек, соның ішінде әлі 734 елді мекенге интернет желісі тартылмаған. Цифрландырудың іске қосылмауынан, ғаламтордың жетпеуінен ауылдық жердегі медицина мамандары өз саласында болып жатқан жаналықтардан, тың технологиялардан хабарсыз қалады. Цифрландырудың басты кілті — ғаламтор. Мұның бәрі бір-бірімен жымдасып, қабысып жатыр.

Тағы бір жайт, облыстық денсаулық сақтау басқармасы министрлікке бағынбайды, әкімдікке қарайды. Облыс әкімінің әлеуметтік салаға жауапты орынбасарына бағынады. Унитарлы мемлекет дейміз де, орталықтандырылған басқару формасын енгізе алмай келеміз.

Jas qazaq: Кадр тапшылығына қатысты тағы бір сұрақ. Өзіңіз жақсы білесіз, ауылдық жерлердегі емхана, шағын ауруханаларда күрделі ауруларға ота жасау, емдеуге рұқсат берілмейді. Қиыр жайлап, шет қонған науқас сүйегін сүйретіп аудан орталығы, олардың қауқары жетпесе, облыс орталығы, қалаға баруға мәжбүр.

Елнұр Бейсенбаев: Рас сөз, әлі күнге солай бізде. Бір ғана мысал,



әйел затының жүктілік кезіндегі жағдайы. Бір аяғы жерде, бір аяғы арғы жақта, екі дүние ортасында жүретін аналардың туу кезіндегі жағдайы ауыр болатын болса, аудандық ауруханадағылардың өздері облыс орталығына немесе ірі қалаларға жібереді. Өйткені босандыру кезінде сақтық шарасын күшейтетін аппараттары жетіспейді. Басқа да күрделі оталарды жасауға ауылдық жердегі білікті мамандарға рұқсат етпейді. Өйткені медициналық құрылғылары, заманауи аппаратпен толыққанды жаракталанбаған. Таяқтың екі ұшы бар дейміз, аудан орталығындағы аурухана болсын, ауылдық округтердегі стационар, амбулаториялық орталық, медициналық пунктте жұмыс істеуге резидентураны бітірген білікті маманның ықыласы арта бермейді. Неге? Өйткені әлгінде айтқан медициналық жабдық, техникалық құрал-сайман жетіспегендіктен, ота жасауға басқа да күрделі ауруларға ем-дом жасауға қолы байланады. Қалаық жерде күрделі ота жасап, небір аурулармен айкасып жүрген білікті маман техникалық құрал-сайманы жүрдай ауылдық жерге барып жұмыс істеуі мүмкін бе? Меніңше, мүмкін емес. Өйткені білікті хирург бола тұра, ауылдық жерде шарасыз күйге түседі. Сондықтан ауылдық жердегі медициналық мекемелерге келешекте жас кадрларды қызықтырып тартамыз десек, еңбекқақыны көтерумен қоса, олардың тәжірибесін шыңдауына орай тұғызатын медициналық құрал-жабдықпен де қамтамасыз етуіміз керек.

Jas qazaq: Біздің еліміздің медициналық әлеуеті қаншалықты екені екі жыл бұрынғы пандемия кезінде айқындалып қалды. Жауырды жаба тоқымада, ауруымызды жасыра береміз деп асықндырып алмаймыз ба? Медицина саласына реформа қажеттігі ертеден айтылып келеді.

Елнұр Бейсенбаев: Менің ойымша, министрлікте басшы ауысқан сайын реформа жасай беру, жана бағдарлама енгізе бергеннен көктеп кетпейді. Одан гөрі бұрыннан кетеуі кетіп, түйіні шешілмей

КҮРДЕЛІ ОТАЛАРДЫ ЖАСАУҒА АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕГІ БІЛІКТІ МАМАНДАРҒА РҰҚСАТ ЕТПЕЙДІ. ӨЙТКЕНІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ, ЗАМАНАУИ АППАРАТПЕН ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖАРАҚТАЛМАҒАН. ТАЯҚТЫҢ ЕКІ ҰШЫ БАР ДЕЙМІЗ, АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ АУРУХАНА БОЛСЫН, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕГІ СТАЦИОНАР, АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТТЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ РЕЗИДЕНТУРАНЫ БІТІРГЕН БІЛІКТІ МАМАННЫҢ ЫҚЫЛАСЫ АРТА БЕРМЕЙДІ. НЕГЕ? ӨЙТКЕНІ ӘЛГІНДЕ АЙТҚАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚ, ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛ-САЙМАН ЖЕТІСПЕГЕНДІКТЕН, ОТА ЖАСАУҒА БАСҚА ДА КҮРДЕЛІ АУРУЛАРҒА ЕМ-ДОМ ЖАСАУҒА ҚОЛЫ БАЙЛАНАДЫ.

келе жатқан ауқымды мәселелерді кезең-кезеңімен ретіне қарай жүйелі түрде шешу қажет. Екі жыл бұрын күллі әлемді уысында ұстап, бүріп жіберген ковид кезінде бұл саладағы әлеуетіміз қаншалықты екені айқын көрінді. Ауылдық медицинаны көтереміз десек, шалғай елді мекендерге барып жұмыс істейтін мамандарға төленетін үстемеақыны қалалықтарға қарағанда көтермелеп қойса, жас кадрлар жұмыс істеуге ықыласты болады деп ойлаймын. Есіме түсіп отыр, облыс орталықтарында жедел медициналық жәрдем қызметін орталықтандыру мәселесі де өзекті бүгінгі күнде.

Учаскелік дәрігерлер пациенттерге өз қаражаты есебінен баруға мәжбүр. Аймақты жете білмейтін диспетчер кейде жедел жәрдем бригадаларын басқа мекенжайға жібереді. Осындай салғырттықтан науқастың қайтыс болу фактісі де тіркелді.

Jas qazaq: Елнұр мырза, өзіңіз де білесіз, жуырда ғана Ақтөбеде мектеп оқушыларына мантидың орнына басқа екіпе салып жіберген. Дәрігерлердің жауапсыздығына, салғырттығына заң тұрғысынан жауапкершілікті қатандату керек деген мәселе айтылды. Ал министрлік мұндайда өзінің кадрларын ақтап алуға тырысып бағады.

Елнұр Бейсенбаев: Расында да, жаға ұстатарлық жағдай. Бұл орайда мәселеге жан-жақты қарау керек. Әрине, дәрігердің жауапсыздығы үшін жауапкершілік жоғары. Қателігі үшін кімде болса, заң алдында жауапкершілікке тартылуы тиіс. Бірақ бұл мәселеде ата-ана өзінің баласына қандай екіпе салынатын өзі қадағалап, сұрауы керек. Әркімнің медициналық сауаты жоғары болғанда, қоғамда мұндай жүгенсіздікке жол берілмейді. Дәрігерлердің салғырттығы, жауапсыздығы, қателігі үшін Әкімшілік, Қылмыстық кодекс бойынша жазалау түрі жазылған. Бұған қатысты менің айтар пікірім осы.

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Ұлыбритания премьер-министрі Лиз Трасс 20 қазанда қызметінен кетті. Кеткісі жоқ еді. Бірақ 5-6 аптаның ішінде саяси-экономикалық дағдарысты одан сайын тереңдетіп, елді «батпаққа батыра жаздағанын» партияластары кешіре алмады.



Трасс премьер-министр бола салысымен елді 70 жыл билеген II Елизавета патшайым көз жұмды. Су жаңа премьер бүкіл Ұлыбритания кара жамылған күндері қызметіне кірісті. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» дейтін казактың ырымына салсақ, Трассың «аяғы құт болмады». Әйтсе де, оған да қарап тұрған ештеңе жоқ.

44 күнде не бітіріп, не бүлдіруге болады? Әлбетте, сіз бен біз секілді жұмыр басты пенденің 44 күні күйкі тіршілікпен өтіп кетеді. Ал әлемдегі ең дамыған жеті мемлекеттің қатарындағы Ұлыбританияны басқару үшін күн сайын «жеті рет өлшеп, бір рет кесу» маңызды. Элизабет «жеті рет өлшеп» жатпай, «бір-ақ кесті».

өзі де, қаржы министрі Квази Квартенг те ақшаны қайдан алатынын айтпады. Қарашаның аяғына таман жария етеміз деп уәде берді. Елдің экономикасына өзінің де, басқаның да қаржысын салғандар тіксініп қалды.

Трассың салық жүйесінде реформа жасау әрекеті қор нарығы мен ұлттық валютаның күрт құлдырауына, үкіметке деген сенімнің азаюына әкеп соқтырды. Ақырында Англия банкі араласып, нарықты ұстап тұру үшін 65 млрд фунт стерлингке облигация сатып алуға мәжбүр болды.

Трасс шу көбейген кезде айтқанынан шықпаған қаржы министрін құрбандыққа шалды. Сайлауалды науканыңда уәде еткен бірқатар экономикалық шаралардан бас тартты. Мұның бәрін премьер-министр орынтағында қалу үшін жасады.

Бірақ бәрібір консервативтік партияның біраз өкілі премьер-министрді сыңға алып, қызметінен кетуін талап етті. Лиз Трасс қаржы министрі етіп сайлау науканы кезінде өзіне қарсы шыққан Джереми Хантты тағайындауға мәжбүр болды.

COMMENT



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Твиттерде: «латук премьер-министрден ұзағырақ сақталып, жеңіске жетті» деп жазды.

Премьер болғанға дейін бірді-екілі айтқаны анекдотқа айналған («Украина бұрын да моңғолдан бастап татарлардың шабуылын бастан кешірген» деуінің өзі неге тұрады!») Элизабет Трасс сөйтіп 44 күн ғана премьер-министр болды.



ҚҰРДЫМҒА «СҮЙРЕГЕН» 44 КҮН

бір сұхбатында «өтірік уәдені үйіп-төгу арқылы жеңіске жеткісі келмейтінін» ашық айтқан.

Лиз Трасс кеткен соң, бұрынғы қаржы министрі, 42 жастағы Риши Сунак премьер-министр болды. Қазір оның барлық «кадір-қасиеті» түгелденіп жатыр. Ұлыбритания тарихында 200 жылдан бергі жас премьер екенін былай қойғанда, бұл орынға алғаш рет үнді азаматы сайланып отыр.

Үнді миллиардері Нараян Муртидің қызы Ақшатка үйленгені өз алдына жыр. The Sunday Times газетінің рейтингі бойынша, елдегі бай-бақуаттылар тізімінде 222-ші орында. Оның байлығы король Чарльздің байлығынан асып түседі.

Премьер-министр орынтағына келген Риши Сунакқа онай болмайтыны анық.



Ол премьер-министр болған 44 күннің ішінде екі министр қызметінен кетті. Парламент фракциясы мен электораттың қолдауынан айрылды. Ұлыбританияда 12 жылдан бері үстемдік құрған тори партиясына биліктен айрылу қаупі төнді. Қазір оның рейтингі 15 пайызға жетер-жетпес. Кезінде «темір леди» атанған Маргарет Тэтчерге ұқсағысы келген Элизабеттің іс-қимылы алып мемлекетті әлеуметтік, саяси һәм экономикалық тығырыққа тіреді.

Қазір сарапшылар бөленің бәрі брексит идеологы Борис Джонсонның отставкаға кетуінен басталды дейді. Сайлау науканы кезінде Трасс консервативтік партияның парламенттік фракциясындағы ең оңшыл канатының қолдауына ие болды. Олар салық пен әлеуметтік шығынды азайтуды қалады.

Трасс өзінің экономикалық жоспарын соған ыңғайлады. Байлардың салығын азайту, жарық пен жылу бағасының өскені үшін тұрғындарды субсидиялауды жүзеге асырмақшы болды. Тұрғын үйді сатудан түскен қаржыға алымды азайту, корпоративтік салық мөлшерлемесін көтеру жоспарынан бас тартуды көздеді. Сөйтіп экономиканы салық жеңілдігі мен реформалардың есебінен нығайтуды мақсат етті. Мамандардың пікірінше, бұл бай мен кедейдің арасын одан сайын алшақтата түсетін еді.

Трасс-Квартенг жоспарына 45 трлн фунт стерлинг қаржы керек еді. Бірақ Трассың

Хант премьер-министр екен деп тайсалмады. Әлгі бағдарламаны түгелдей қайта жазып шықты.

Бастапқыда Трасс телеарнаға берген сұхбатында кетпейтінін мәлімдеген. «Ұсынған басты қылыш кеспейді» деді ме, экономикалық реформа жүргізуде тым артық



кеткенін мойындап, шалыс басқаны үшін жұрттан кешірім сұрады.

Daily Star басылымы «Алдымен Трасс отставкаға кете ме, әлде латук ұзағырақ сақтала ма» деп бас тікті. Ақыр соңында

«Оның Маргарет Тэтчерге еліктегенін қайтейік» десті біреулер. «Темір леди» он жылдан астам уақыт билік басында болды. Трассың премьерлігі он аптаға да жеткен жоқ. Ұқсастығы киім үлгісінен аспады. Тэтчер реформа бастаса, оны іске асырмайынша тынбайтын. Трасс ондай қайсарлықтан

жұрдай. Биліктен кетпеу үшін шешімін өзгерте салды.

Жаздағы сайлауалды науканы кезінде Трассың басты қарсыласы болған Риши Сунак нағыз консерватор. Технократ Сунак

Экономикалық дағдарыс, партия ішіндегі алауыздық, пандемиядан сансырап шыққан денсаулық сақтау жүйесі, өзге де әлеуметтік-экономикалық түйіндерді шешуге тура келеді. Әйтсе де, популизмнен пайда жоқ екенін түсінген тұрғындар оған үмітпен қарайды.

Риши Сунак өзінің экономикалық жоспарын жария еткен жоқ. Бірақ, әйтеуір, инвесторлардың оған деген көзқарасы әзірге түзу. Қазір фунт стерлингтің долларға шаққан бағамы 0,3 пайызға, еуроға шаққан бағамы 0,6 пайызға көтерілді.

Алайда Сунактың Ұлыбританияны тығырықтан алып шығатынына күмәнмен қарайтындар да табылды. «Нью-Йорк таймс» басылымы оның жанармай бекетінде біреудің көлігіне бензин құйғанын, картасыз төлем жасаудан мүлде хабары жоқ екенін тәптіштеп, «өмірден тым алшақ премьер-министр елінің экономикасын күйреуден құтқара алмайды» деп топшылайды.

Тағы бір сарапшылар Сунактың әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды қысқартқысы келетінін сыңға алып жатыр. Олар алдағы уақытта Ұлыбританияның 1,3 млн тұрғыны қайыршыға айналуы мүмкін дейді.

Солай бола ма, жоқ па, оны уақыт көрсетер.

Қазір жаңа премьер-министрдің қанша уақытқа шыдайтынын талқылап, қызылкенірдек болып жатқандар бәс тігуді бастап кетті.

Гүлнар АХМЕТОВА



Лондонның ұлттық галереясы. Экобелсенділер Ван Гогтың «Күнбағыстар» картинасына томат көжесін шашты. Картина құны – 84 млн доллар.



Германия. Потсдамдағы Барберини музейі. Экобелсенділер Клод Моненің «Үйме шөп» картинасына картоп пюресін шашты.



Ұлыбритания. «Сиырды саууға болмайды!» деген экобелсенділер сүтті еденге текті.



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

TIRSHILIK

www.jasqazaq.kz



Өмірдің өзінен

Фариза Мақсұтқызы – үшінші топтағы ерекше жан. Кішкентай кезінде оқыстан құлап қалып, жамбас сүйегінің сынғаны бір жасына дейін білінбеген. Абайсызда болған кемістіктің азабын көп тартты. Бірақ, өмірге құштарлығы шығар, кішкентайынан күрескер.

Фариза Мақсұтқызы 1993 жылы Түркістан облысы Созақ ауданы Қаракұр ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Ата-анасы қазақтың ақын қызы Фариза Оңғарсынова сияқты болсын деді ме екен, есімін Фариза қойыпты.

Ол өзі туралы әңгімесін былай бастады: «Жеті айлық кезімде мені терезеден құлатып алған екен. Оны ата-анам білмеген. Одан кейін не енбектемпін, не жүрмеппін. Ата-анам дәрігерге алып барғанда «сәби кезінде құлатып алғансыздар ма?» деп

айтпады ма? Сонау жерден жаяулатып мектепке келесін, ертең сені біреу қағып құлатып кетсе, кім жауап береді?! – деген сөзі сүйегімнен өтті».

Өзі туралы ащы шындықты естіген Фариза бұдан кейін көпшілік жерге бармауға тырысады. Бұған дейін аяғын сылттып басатынына қарамастан, өзімен тетелес балалармен бірге білім алды емес пе? Ал енді ары қарай оқуына мектептегілер неге қарсы? Осы сарынды сан сауалға жауап таба алмаған Фариза ашық мінезінен бірте-бірте айырылып, тұйықтала береді. Бірде ата-анасы Төле би ауданында Фариза сынды балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты бар екенін естиді. Оны осы мектеп-интернатка орналастырады.

«Мұғалімнің сөзі өмірімді өзгертті. Өзімнің мүгедек екенімді алғаш рет сезіндім. Үйге келдім. Ешкіммен сөйлескім келмеді. Алып-ұшып жеткенде, бетімді қайтарып, қанатымды қайырғандай күй кештім. Үйдегілерге «енді оқымаймын, мектепке бармаймын» деп қысқа қайырдым. Сол күннен бастап тұйықтала бердім, ешкіммен сөйлескім келмеді. Үйдегілер де

жас ақындар өзінің авторлық өленінің бірін көпшілік алдында мәнерлеп оқуы керек. Кезек маған келген кезде көпшілік алдында өз өлеңімді жатқа оқудан бас тарттым. Әділқазы мүшесінің бірі: «Неге өлеңімді жаттамай келгенсің. Жарыс талабы бойынша жатқа оқуыңыз керек», – деді маған қарата. Ал мен оларға: «Сөз зергері Абай да өз өлеңдерін жатқа оқыған емес, сол сияқты мен де өз өлеңімді жатқа оқи алмаймын», – деп жауап бердім. Барлығы ду қол шапалақтап, бас жүлдені сол жерде-ақ байлап берді».

Фариза оқуын аяқтағаннан кейін 19 жасында өзімен тағдырлас Абзал Әбішев деген жігітке тұрмысқа шығады. Биыл отау құрғандарына он жыл болыпты.

Бүгінде Фариза мен Абзал ұл



мен қыз өсіріп отырған үлгілі отбасы.

Абзал «Біз сіздермен біргеміз» кайырымдылық концертінің мәдени ұйымдастырушысы. Фариза да осы салада жұмыс істеп, кейін «Парасат» әлеуметтік орталығына ауысады. Қазір ол осы орталықта балалар мен ересектердің қол моторикасын дамытуға үйрететін маман.

Ол өзінің жұмысы жайлы былай деп жалғалды.

«Қазір Алматыдағы «Парасат» әлеуметтік қызмет орталығында жұмыс істеймін. Орталыққа жұмыс істеуге келгеніме еш өкінбеймін. Бұл жұмыстың үлкен жауапкершілік екенін білемін. Сезінемін. Балаларым «апайлап» алдымнан жүгіріп шыққанда барлық қиындықты ұмытып кетемін. Қазір балаларға да, ересектерге де қол моторикасын дамыту бойынша дәріс беремін. Өзім мүгедектік дегенді интернатқа барғанға дейін білген емеспін. Қазір орталықта мүмкіндігі шектеулі балалармен, ересектермен



оқуға түседі. Түрлі конкурстарға қатысып, мүшәйралардан да алғашқы орындардан көрінеді.

Жүлделі орын алғанын ол былай деп есіне алды:

«Әлі есімде, республика бойынша 68 адам қатысқан жарыста жүлделі орын алдым. Жарыс талабы бойынша




жұмыс істеймін. Жұмыс ауыр болса да, ол балаларды ойлаған сайын қайтып келемін. Қаншама рет жұмысты тастауға бекінсем де, бір күш жібермейді. «Мен кетсем, балаларға кім қарайды» деп аландаймын. Қимаймын. Ауыр дертпен ауырған балалармен жұмыс істеу өте қиын. Олар кез келген ақпаратты, көрсеткен нәрсені қабылдай бермейді. Бүгінде орталықтың күндізгі бөлімінде 56 бала бар. Оларды ата-анасы әкеледі. Осы балалар қоғамның бір бөлшегі, ортасынан шеттетілмесе екен. Аз да болса, қоғамға пайдам тисе екен деймін. Қаладағы балалар үшін арнайы дамыту орталықтары бар. Ал ауылдағы балаларға ешқандай жағдай жасалмаған. Дамыту орталықтарын әр облыстағы елді мекендерден ашса, ондағы балалардың дамуына біраз сеп болар еді. Соңғы уақытта катерлі дертке шалдыққан балалар көбейіп барады. Мамандар мұны смартфонның әсерімен де байланыстырады. Дегенмен әр ата-ана баласының денсаулығына жауапты болса екен. Біздің орталыққа 30-40 жаспан асқан ересектер келеді. Бірақ сана-сезімі 5 не 10 жасар баланың деңгейінде қалып қойған. Кейбір ата-ана «Балам бүгін сөйледі», «Балам бүгін тамақ ішемін» деп айтты» деп жүздері бал-бұл жанып келеді. Ал балаға қарасан, мүлде сөйлей алмайды. Соңында баламен де, ата-анамен де жұмыс істеп кетеміз. Бәрібір бұл орталықтан кете алмаймын. Өйткені осындағы әрбір бала қоғамнан өз орнын тауып, бір бөлшегіне айналса екен деймін», – деп Фариза әңгімесін аяқтады.

Әрдайым манайына көмек қолын соғысы келіп тұратын нәзік келіншектің өмірге құштарлығы орасан. Тағдыр тәлкегіне мойымай, өз орнын тапқан қайсар жанға біз сәттілік тіледік.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Естелік-Эссе

Біз – екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталар тұсында Жапонияның Хиросима мен Нагасаки қалаларына америкалықтардың әскери ұшақтар арқылы әуеден тастаған Little boy («*Балақай*») және Fat Man («*Семіз*») атты атом бомбалары туралы мейлінше хабарлар болып өскен буын өкілдеріміз. Оның біріншісінің 13-18 килотонна, екіншісінің 19-21 килотонна тротилдік эквиваленттік күші болғанын, жарылыстан соңғы атом бомбасы дауылының төңірегіндегі тіршілік атаулының түгін қалдырмай, жайлап кеткенін де жақсы білеміз. Одан кейінгі таусылмас радиациялық «жауынның» залалы ше? Шыбын құрлы болмай қырылып қалған адамның ұзын-саны 246 мың! Жан-тәнімен жапон еліне аяушылық тудырып жататын бауырмал қазақ халқы дәл сол тұста өзінің басына одан он-сан есе көп түскен атом қасіретінің жайына ден қоймады, мән бермеді. Неге? Өйткені кенестік-мемлекеттік насихат машинасы барша халықты күні-түні «Партия. Жоспар. Ұлы орыс халқы» девизіне тәрбиеледі. Көзін аштырмады, насанын улады. Бұлжымайтын бір бағытта ғана өмір сүрдік. Ашық, жабық түрде жарылып жатқан ядролық жарылыстың зардабы туралы ойланбадық та. Елдің қорғаны – жеңімпаз әскеріміз «ортақ игіліктер мен ортақ мүдделер» жолында ойлануға мұрсат бермеді. Кеңес Одағының бас насихат құралы «Правда» газетінің бетінде көңіл айту секілді 3-4 жол сөйлеммен Семей ядролық полигонында қуаты 20, 30... 50, 100 килотондық жарылыс жасалды деген елдің қуат-күшін байқататын мақтаныш хабарға мәз болып жүре берген секілдіміз?! Қазақ жерінде 14 жылға жетер жетпес уақытта (1949-1963 жж.) жасалған ядролық жарылыстардың қосындысы Жапонияда жарылған жоғарыдағы екі бомбаны 2500 (!) есе орап алатынын да білмедік!.. Ал енді «көзіміз ашылған» кезде өткен 40 жылдың ішінде, яғни 1949 бен 1989 жыл арағында Семей полигонында 473 ядролық жарылыстың 90-ы аспанда, 26-ы жерде, 354 рет жер астында болғаны туралы мәліметтер шынында да төбе шашынды тік тұрғызады! Мұның сыртындағы 175 химиялық, өзге де қарудың сынақ түрлері туралы айтпай-ақ қояйық. Қазақстандағы ядролық жарылыстың жалпы жиынтығы 50 мегатоннадан (1 мегатонна [Mt] = 1 000 000 000 килограмм [kg]) асқан. Ядролық залал аумағының көлемі 304 мың шаршы километр жерге жеткен де, тікелей зардап шеккен халықтың саны 1,7 миллионның үстіне шыққан.



Қазақстан алғаш рет әлемге Тәуелсіздік Декларациясын жариялаған 1990 жылға дейін бұл деректер өте-мөте құпия болып келді, халықтан жасырылды. Ұлттық геноцидке теңгерілген «мемлекеттік құпияның» кілті Мәскеуде сақталды. Жапон қасіретін ел білді, өзіміздің бастан кешіп жатқан қасіретіміз өзімізден құпия сақталды! Әскери құпия... Бір сәт ойланыңызшы, қандай елде өмір сүргенбіз?!

Дәуітәлі Стамбеков ағам «Егемен Қазақстан» газетінің, мен «Халық кеңесі» газетінің тілшісімін. Екі тілші, Алматының «Қазақфильм» ықшам ауданында тұратын екі көрші, бір күні ойламаған жерден Ұлы Абай елінің қасіретінен бір-ақ шықтық. Ақындығы өз алдына, абыз Абаймен аталас-рулас болып келетін Дәуітәлі ағамның көңілі жадырап «Елге келдік...» дейтін жөні бар-ақ. Бірақ... екеуіміздің де дымымыз ішімізде. Өйткені біздер Қазақ жерінің – Абай елінің 40 жыл қасіретіне айналған Семей ядролық полигонының орталығы – «жабық қала» Курчатовта едік...

Азғантай ғана орыс-қазақ тілді алматылық БАҚ журналистерінің шоғырын бұл қалада тосын жинаудың мақсаты – полигонға жапонның физик-ядрошы ғалымдары келмек. Семей ядролық сынақ алаңдарының құрсауланған құпиялық темір пердесі түріліп жариялылық беріле бастаған кез. Бір сөзбен айтқанда, полигон жұмысын тоқтатып, Ресейдің соңғы әскері (1994 ж.) бұл аумақтан шығарылған. Мораторий жарияланғанға дейін ұңғымаға салынған ақырғы ядролық заряд құрылымы 1995 жылға дейін жарылмай жатты да, ақыры сол жылы ол жойқын атом бөлшегі ядролық реакциясыз залалсыздандырылды деген мәлімет тарайды. Ол қалай залалсыздандырылды, қалай күшін жойды, ол жағы әскерилер мен ғалым мамандар ғана мәлім күйінде қалды. Полигондағы сақтаулы атом зарядтарын залалсыздандыру жұмыстарына бөлінген 150 миллион доллар қаражаты игеру Нанна-Лутар бейбітшілік бағдарламасына (АКШ) сәйкес қызу жүріп жатқан. Біздің полигонның бас қаласында төтеннен бас қосумыз, міне, дәл осы тұс.

«Жапон ғалымдарымен полигон басында тең басып бір жүруіміз», сірә, еркіндік пен жариялықтың,

демократияның көрініс-нышаны болмақ. Бірақ мұнда қарсы алған жолбасшымыз әскери капитан шеніндегі орыс жігітінің диктофон, фотоаппарат, қалам-қағаздарымызды кезекші бөлімге қалдырумызды қайта-қайта «қиылып» өтінгені түсініксіздеу болып тұрды. Сонда ғой Дәукен ағамның: «Әй, бұлардың жариялылығы қайда, ендігі жерде полигонда құпия болмайдысы қайда?» деп зілсіз реніш білдіргені.

Жол соғып шаршағандықтан болар, оң қырыммен жатқанмын, оң қырыммен тұрдым. Көзімді ашсам, Дәукен менен ерте тұрып, әуелім, киініп алыпты. «Жайсыз ұйықтадым, қантым көтеріліп кеткен секілді!» деген ақын ағамның аузынан осы күні төңіректен өте жиі еститін қант диабеті туралы сол жолы алғаш естіген ем. «Дәріханаға барып келе қояйын, аға» деп ем, «Жоқ, аландама, ішетін дәрімді өзім алып жүремін ғой» деп қағазға мұқият оралған аппақ дәрі ұнтағын көрсетті. Бір-екеуін солдат стаканына су құйып, араластырып ішіп те алған сынайлы.

(Жалғасы 7-бетте)



сұрапты. Сөйтсе, жамбастағы сүйек құлаған кезде тайып кеткен екен. Сол кезде барып үйдегілер құлатып алғанын мойындаған. Дәрігерге барған күннен бастап өмір үшін күрес басталып кетті. Қаншама ота жасалды. Қаншама емшінің есігін тоздырдық. Әйтеуір, отаның нәтижесі жақсы болып, ел қатарлы мектепке бардым».

Фариза ауылдағы орта мектептің бесінші сыныбына дейін оқиды. Ауыл балаларымен етене араласып, дос табады. Бесінші сыныпта белі қатты ауырып, қайтадан жүре алмай қалады. Емхана, ота, қала мен ауылдың арасындағы арпалыс қайта басталады. Өміріндегі ең ауыр ота жасалып, екі жыл үйінде емделеді. Ота Алматыдағы «Ақсай» балаларға арналған республикалық ауруханада жасалады. Дәрігер мұндай отаны тұңғыш рет жасағанын танданыспен айтыпты. Өйткені Фаризаның бел мен аяқты жалғап тұратын сүйегі үгіліп кеткен.

«Өмір үшін күрес мені ерте есейтіп жібергендей болды, – деп жалғастырды ол әңгімесін. – Бір күні «Кой, Фариза, бұлай жата беруге болмайды. Алға ұмтылуың керек» деп өзімді қамшыладым. Төсектен бар күшімді жинап, балдаққа тұрдым. Балдаққа сүйеніп, алғашқы қадамымды жасадым. Жүруге құштарланғаным сонша, бір күні балдақпен көшенің ортасына дейін кетіп қалыппын. Жолдың қақ ортасына жеткенде бір балдағым морт сынды. Бар дауысыммен «әке, әке» деп айғайлап жібердім. Бір жағынан, құлап қалам ба деген қорқынышым бар. Әкем жанұшырған дауысымды естісе де келмеді. Қолымдағы екінші балдақты лақтырып жібердім. Қаншалықты қиын болса да, ауырғаны жанымға батса да, үйге өз бетіммен жүріп келдім. Әкем көзіне жас алып мені күтіп тұр екен. Өзі жүруге талпынсын деп әдейі келмеппі. Содан кейін бірте-бірте жүре бастадым. Аяққа тұрғаннан кейін қатарластарымнан қалғым келмей, мектепке асықтым. Бірақ қуанышым ұзаққа созылмады. Білім ордасының алдынан күтіп алған ұстаздың: «Мен сені мектепке алмаймын. Ата-анан





AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



БҮГІНГІ САТИРА



Өз басым бізді ойлап тапқан Адамға құлдық ұрамын! Пенденің бір перзенті болғанымызға шүкір...

Жалпы жаратылысымыз орта ғасырға жатады.

Пенденің тас дәуірі, қола, темір деген белестерді артқа тастап, өздерінше жыл санап, ес жиып, етек жапқан мезгілдерінде біздерді ойлап тауып, Адам деген аттарынан алыс жібермей, Арақ деп ат қойып, ардақ тұтуының өзі неге тұрады.

Алдымен айтарым, біздер адамның ағыл-тегіл ақылының аркасында пайда болғандығымыз. Иеміз де, киеміз де осы адамзат... Бұлардың жанында жан-жануар, жәндік секілді тіршілік иесі әдірәм қалады... Олар біздерді ойлап таппақ түгіл, иісімізді де сезбейді. Ақылды деген адамзаттан әріде пайда болған дельфин, маймылдардың өңі тұрмақ, түсіне де енбеппіз...

Әріде нем бар, берідегі белгілісін айтсам — біздер қазаққа солтүстігінде созылып жатқан көршісінен келіппіз. Табиғатына тән емес, ішіп-жеміннің құрамында жоқ біздер қазекеннің бойына тамшылап қана еніп, сол жиырмасыншы ғасырдың орта шенінен бастап бағымыз жанып, ас мәзірінен ойып тұрып орын алыппыз. Ал айналайын социализм заманы біздердің айымызды онынан тудырып, өзі ғарыштап ілгері озған сайын

біздердің де бағымызды базарлы етті емес пе...

Ал ол қоғам құлап, орнына келген мына заманда... Ойхой, айтары жоқ!.. Кенес кезеңінде біздердің үш-төрт қана атауымыз болушы еді, қазір ат иемдену жағынан алғы шептеміз. «Акку» дейсің бе, «Бұлбұл» ма, «Батыр Баян» — батырың да, сұлуың да, қадір-қасиетің де біздің еншімізде.

Көпшілігі сәл ұрттағаннан-ақ мұрттай ұшып, келмеске кете барыпты. Қазақтың мініп жүрген атының өзі бір ұрттаммен-ақ кескен теректей құлайды. Ал пенден, ойхой сіміреді дейсің! Ішкен сайын еліріп, сімірген сайын семіріп... Ойхой, біздің арқамызда ақыл-есінен адасып небір істерді істеп, сонынан өкініп, бармақ тістесе де біздерден аластасы жоқ. Ірі-сірі қылмысың да, өлім-жітім, атыс-шабыс... қайсыбірін айттайық, кесір-кесапаттың көпшілігі бізбен етене болып, еншілесіп кеткелі қашан... Ажырасу, адасу, азып-тозу сияқтылар біздің майда-шүйде тірлігімізге жатады.

Осы тектес

оспадарлығымыз асып-төгілсе де, біздерді белінен тастамай, құрдымға құртпай өзімен бірге бел асырып келе жатқан Адамға алғысымыз ағыл-тегіл...

Мен айтпаған, әрбір пенде білетін «бедел-қасиетім», «қырғын кесепатым» қаншама десеңші.

Бір ғана мен жөніндегі — «Ішкен адамға Тобыл тобықтан, Байкал бакайдан келмейді», «Әкен өлсе де, әкенмен бірге ішкен өлмесін», «Арақ ішкен мақау — сандұғашқа айналады», «Арақ көрсен — аттан түс», «Арақ атаңнан, шарап шешеннен үлкен», «Арын төгілгеннен арағың төгілген жаман», «Бөтелкелес дос — бөленнен артық», «Арақ ішпейтіндер не сараң, не арам», «Ішкен кезде адамның сандықтағы сыры ауызына келеді», «Алты ағаң болғанша, алты шыны арағың болсын» деген мақалдар да тегіннен-тегін туылмаған болар!..

Адам барда атым өшпес, қадір-қасиетім сөнбес деп білемін! Жасасын Адамзат! Өзіңмен мәңгі біргеміз, көрге кіргенше жан серігіңбіз!

Берік САДЫР,
Астана

СТV АБИТ-2022



Ұлттық мереке – Республика күніне орай Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында пікірсайыс турнирі өтті.

ОЙДЫ СӨЗ ҚОЗҒАЙДЫ

Пікірсайысқа университеттегі барлық факультеттердің студенттері қатысты. Турнир ауқымы бойынша бас-аяғы 11 фракция құрылды. Студенттер қазіргі жастарды толғандыратын түрлі тақырыпта пікір алмасып, өз ойын ортаға салды. Мысалы, біреулер жасанды түсік жасату туралы заң тек қыз-келіншектер арасындағы референдумда



шешілуі керек дейді. Енді біреулер атеистердің құқығын қорғау керек деген пікірде. Турнир өте жоғары деңгейде өтті. Эрудиция фракциясының мүшесі һәм осы турнирде жеңімпаз атанған Айзере Қалмахан: «Турнирде қоғамда әлеуметтік маңызы бар, өзекті мәселелер талқыланды. Әсіресе, жасанды түсік жасатуға қатысты кейбір қарама-қайшылықтар мен заңдағы олқылықтар туралы пікірталас қызу өтті. Студенттердің ойы мен көзқарасы менің құштарлығымды ашып, сайыста белсенділік танытуыма түрткі болды», — дейді.

Турнир қорытындысы бойынша 1-орынды «Эрудиция» фракциясы иеленді. 2-орын Baq-Dana фракциясына, ал 3-орын «Абылай хан» фракциясына бұйырды.

Нәзерке Інкаш «Үздік спикер», Әсел Оналбек «Турнир жұлдызы», Балнұр Омар «Үздік төреші» аталымын жеңіп алды.

Университет қабырғасында өткізілетін мұндай шаралар жастарды мемлекет құндылықтары мен қағидаттарын құрметтеуге, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайтуға, Отаны мен туған елін сүюге ынталандырады.

Айдын НҰРЖІПТ,

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Менеджмент және халықаралық коммуникация факультетінің 1-курс студенті

№6

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ деректерде жансақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы
Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар дауыс беру күніне он бес күн қалғанда сайлаушылар тізіміне олар туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады
Сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу немесе сайлаушылар тізіміне енгізу қажеттігі туралы өтініштерді сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды.
Дұрыс шешім қабылданған жағдайда сайлау комиссиясы түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізуді дереу жүргізеді.
Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі.
Шешімге сайлау комиссиясы орналасқан жердегі тиісті сотқа шағым жасауға болады, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.
Бұл ретте құрылған сайлау учаскелерінде:
әскери бөлімдерде,
демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерде,
шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде,
тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында,
Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі шетелдік мекемелерінде
сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда таныса алады.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы



№6

КАК ПРОВЕРИТЬ СЕБЯ В СПИСКАХ ИЗБИРАТЕЛЕЙ

Каждый гражданин вправе проверить данные о себе и обжаловать невключение, неправильное включение или исключение из списка, а также допущенные неточности в данных
На избирательных участках, образованных по месту жительства граждан, избиратели могут за пятнадцать дней до дня голосования ознакомиться с правильностью внесенных о них данных в списки избирателей
Заявление о необходимости исправлений или включения в списки избирателей рассматривается избирательной комиссией в день его поступления.
В случае положительного решения исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно.
В случае отклонения гражданину безотлагательно выдается копия мотивированного решения.
Решение можно обжаловать в суде по месту нахождения избирательной комиссии, который рассматривает жалобу в день её поступления.
При этом на избирательных участках, образованных:
в воинских частях,
домах отдыха, санаториях, стационарных лечебно-профилактических учреждениях,
отдаленных и труднодоступных районах, на участках отгонного животноводства,
следственных изоляторах и изоляторах временного содержания,
при загранучреждениях Республики Казахстан в иностранных государствах
избиратели могут ознакомиться со списками за пять дней до дня голосования.

Центральная избирательная
комиссия Республики Казахстан

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы

(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПМК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1097;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңсіріштерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.